

Ғылыми зерттеулердің аймақтық қоры туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 шілде 1994 ж. N 828. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ғылыми зерттеулердің аймақтық қоры туралы қоса беріліп отырған Үлгі ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 6 ш і л д е д е г і
N 8 2 8 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Ғылыми зерттеулердің аймақтық қоры туралы

ҮЛГІ

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Ғылыми зерттеулердің аймақтық қоры /бұдан былай - қор/ "Қазақстан Республикасының ғылыми және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өкілді өкіметтің жергілікті органдарының шешіміне құрылады.

Қор дербес ұйым болып табылады және ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережені басшылыққа алады.

2 . Қ о р қ а р ж ы с ы :

жергілікті бюджеттің аударымдары;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жыл сайын бөлетін мақсатты қаржылары;

Қазақстан Республикасы Ғылым қорының аударымдары;
кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың табысынан ерікті а у д а р ы м д а р ы ;

қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлердің, ұйымдар мен жеке азаматтардың қайырымдылық және басқа салымдары;

нақты ғылыми бағыттар мен проблемалар бойынша зерттеулер жүргізуге

мүдделі тапсырыс берушілердің мақсатты жарналары есебінен құралады.

3. Қордың бюджеттік қаржыдан басқа ағымдағы жылы жұмсалмаған қаржысы ауыспалы болып табылады, оны алып қоюға болмайды.

II. Қордың мақсаты мен міндеттері

4. Қордың басты мақсаты - аймақ үшін басым бағыттар бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды және жобаларды конкурстық жолмен қаржыландыру арқылы Қазақстан Республикасының аймақтарында ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуды ынталандыру болып табылады.

5. Қордың міндеттері:

қор қаржысы есебінен қаржыландырылатын ғылыми зерттеулердің аймақтық басым бағыттарын айқындау;

таңдап алынған аймақтық басымдықтар бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар конкурсын өткізу;

аймақтық мақсатты ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру;

аймақта орналасқан ғылыми мекемелердің, жоғары оқу орындарының және ғылыми кітапханалардың материалдық-техникалық базасын дамытуға жәрдемдесу;

ғылым мен техниканың болашағы бар бағыттары бойынша аймақ мүдделері үшін кадрларды шет елдерде даярлау мен қайта даярлауды қоса алғанда, аса білікті ғылыми кадрлар даярлау бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу болып саналады.

III. Қорды басқару және аймақтық мақсатты ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қор қаржылары есебінен қаржыландыру тәртібі

6. Қорды басқарудың жоғары органы қоғамдық негізде жұмыс істейтін Қор кеңесі /бұдан былай -Кеңес/ болып табылады.

Кеңес құрамына Кеңестің төрағасы, оның орынбасарлары, ғылыми хатшысы және Кеңес мүшелері, мұның ішінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен өкілді өкіметтің жергілікті органдарының өкілдері кіреді. Кеңестің жеке құрамы Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің қатысуымен жергілікті өкіметтің өкілді органдарының шешімімен үш жыл мерзімге бекітіледі. Аталған мерзім өткен соң, Кеңес құрамының кем дегенде үштен бірі жаңартылып отырады.

7. Қор кеңесі:

Қор қаражатынан қаржыландыру үшін аймақта ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттарын белгілейді;

ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған жобалар конкурсын өткізудің шарттары мен тәртібін бекітеді;
конкурстық іріктеуден өткен бағдарламалар мен жобалар туралы шешім қабылдап, оларды қаржыландыруды жүзеге асырады;
жобаны немесе бағдарламаны одан әрі жүргізудің келешегі жоқтығы байқалған кезде қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдайды;
қордың жылдық сметасын қарап, бекітеді және оның орындалуын бақылайды ;

мемлекеттік және қоғамдық, оның ішінде халықаралық ұйымдармен қарым-қатынаста қордың атынан өкіл болады;
өз жұмысының нәтижелері туралы өкілді өкіметтің жергілікті органдарының алдында жыл сайын есеп беріп отырады.

8. Қор кеңесінің жұмысын төраға, ал ол жоқта орынбасары басқарады. Егер Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Кеңес мәжілісі құқықтық күші бар деп танылады. Кеңестің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тепе-тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Кеңестің шешімдері хаттамалармен рәсімделеді.

9. Қордың жұмыс органы /атқарушы дирекция/ Қордың ағымдағы қызметін камтамасыз етеді және оның құрамын Қор кеңесі атқарушы дирекцияға контракт негізінде жұмысқа тартылатын мамандар мен ғалымдардан құрады.

Қор директоры Қор кеңесінің мәжілісінде бекітіледі.

10. А т қ а р у ш ы д и р е к ц и я :

ғылыми мекемелерден, жоғары оқу орындарынан, ұйымдар мен жеке ғалымдардан, шетелдіктерді қоса алғанда, іргелі және ізденіс зерттеулерін қаржыландыру жөнінде келіп түсетін ұсыныстарды қабылдайды және оларды Қор кеңесінде қарауға әзірлейді;

Қор кеңесінің келісімі бойынша конкурс өткізеді және келіп түскен жобаларды қаржыландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін тәуелсіз сараптама ұйымдастырады ;

орындаушылардың жұмыстарды атқару мерзімдерін сақтауына, сондай-ақ бөлінетін қаржының мақсатты түрде пайдалануына бақылау жасайды;
қор Кеңесінің бекітуіне шығыс-кіріс сметасының орындалуы туралы есептер ұсынады. Қор кеңесінің іс қағаздарын жүргізеді.

11. Конкурстан өткен ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру қор мен орындаушының /занды ұйымның/ арасында жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

12. Қор қаржысын ғылыми зерттеулерге қатысы жоқ әлеуметтік,

шаруашылық және өзге де жергілікті мұқтаждықтарға пайдалануға тиым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ